


АМЕРИКА АШҚАН ЖОЛЖАЗБА

5-БЕТ | МҰХТАР ӘУЕЗОВ – 125



БАЛАЛАР ЖАРАҚАТЫ АЗАЙМАЙ ТҮР

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТРИАТЛОНШЫЛАР ТАРТЫСЫ

8-БЕТ | СПОРТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қосымша білім беру – бұл өскелең ұрпақтың қарым-қабілетін дамыту үшін қолға алынған бастама. Қосымша спорттық және шығармашылық білім беру ісіне мемлекет тапсырысы бойынша қаржы бөлінетін болды. Бұл қадам үйірмелер мен секцияларға қатысатын балалардың санын 70 пайызға дейін арттырды. Мұны стратегиялық тұрғыдан дұрыс шешім болды деп санаймын.

№96
(4374)

Сейсенбі
16 тамыз
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ү

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА КӨМЕК БАР

Аманат партиясы жаңа оқу жылы қарсаңында «Баланы мектепке жинайық» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясын бастады. Бұл акция партиялық «Бақытты отбасы» жобасы аясында дәстүрлі түрде өткізіледі. Оның басты мақсаты – көпбалалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға балаларын 1 қыркүйекке дейін мектепке дайындауға көмектесу.

Шараға партияның орталық аппараты мен аймақтық филиалдарының қызметкерлері, партия депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының мүшелері және қарапайым азаматтар қатысады. Акция аясында ел аумағындағы 30 мыңнан астам бала жаңа оқу жылына арналған

жиынтықтар алады деп жоспарланып отыр. Яғни оларға мектеп формасы, оқулықтар мен кеңсе тауарлары салынған рюкзактар табысталады. Осы мәселеге қатысты Үкімет басшысы Ә.Смайыловтың айтқан сөзін 2-беттен оқи аласыздар.

V ИСЛАМИАДА: ҚАЗАҚСТАН 16 АЛТЫН ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Түркияның Конья қаласынан сүйінші жаңалық келді. Елордалық жүзгіш Әділбек Мусин Ислам Ынтымақтастық ойындарының чемпионы атанды. Сондай-ақ София Абубакирова да тұғырдың биігінен көрінді.

Жүзушілер Әділбек Мусин мен София Абубакирова баттерфляй әдісімен 100 және 50 метр жеке қашықтықта үздік болды. Әділбек өзбекстандық Түрік Умит Жан Гюрес пен Эльдорбек Усмоновтан озып, 53,20 секунд уақыт көрсетті.

2022 жылдың 9 тамызында Түркияның Конья қаласында Ислам ойындарының байрағы көтерілгені белгілі. 18 тамызға дейін жалғасатын

спорттық бәсекеде қазақстандық спортшылар 16 алтын, 15 күміс, 26 қола медаль жинап, жалпыкомандалық есепте 5-орында келеді.

Әзірге бірінші орында 209 медаль жинаған Түркия, екінші орында 100 медаль алған Иран, үшінші орында 89 медаль еншілеген Өзбекстан, төртінші орынға 58 медальмен Өзбекстан командасы жайғасты.



9,5 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ АЙЫППҮЛ ТӨЛЕЙДІ

Алдағы уақытта Мемлекеттік рәміздерді қорлағандарға салынатын айыппұл мөлшері 3 мың АЕК-ке дейін өседі. Яғни рәміздерді қорлағандар 9540000 теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

Құзырлы органдар Қылмыстық кодекстің «Мемлекеттік рәміздерді қорлау туралы» 372-бабында көзделген жауапкершілікті қатайтуды пысықтауда. Мұндай қылмыс жасағандарға қолданылатын жазаның тағы бір түрі – қоғамдық жұмыстарға тартудың ең ұзақ мерзімі 600-ден 900 сағатқа дейін көбейеді. 2022 жылдың 1 сәуірінен еліміздегі 1 АЕК-тің мөлшері – 3180 теңге.

КӨПІР ЖӨНДЕЛЕДІ

Мәңгілік ел даңғылы мен Сарайшық көшесі қиылысындағы көлік айрығы учаскесінен Р.Қошқарбаев даңғылына дейінгі «Арқар» (M1) көпірінің жол төсемін орташа жөндеу жұмысы басталды.



«Осыған байланысты 15-24 тамыз аралығында Мәңгілік ел даңғылы мен Сарайшық көшесінің қиылысындағы көлік айрығына Р.Қошқарбаев даңғылына дейінгі «Арқар» көпірін (M1) және 24 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында «Арқар» көпірін (M1) жабу жоспарланып отыр» деп хабарлады Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы. Елорданың негізгі көшелерін байланыстыратын көпірдің жабылуы көлік қозғалысын қиындататыны белгілі. Алайда көпірдегі жол жөндеу жұмыстары сапалы аяқталып, елдің игілігіне берілгені үлкен олжа емес пе?!

ЕКІ ЖЫЛДА – 317 МЫҢ ҚҰЖАТ

Нұр-Сұлтандағы iQala қызметтер орталығы екі жылда 317 мыңнан астам құжат әзірледі. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев мәлімдеді.

«Сұраныста коммуналдық ұйымдармен келісімшарт жасау, БЕО түбіртегінің алуы, БТҚ төлемдері бойынша кеңес беру, қалалық коммуникацияларға одан әрі қосылу үшін техникалық шарттарды алу қызметтері болды» деп жазды Е.Бекмурзаев өзінің Facebook-тегі парақшасында.

БАҒЫТЫ УАҚЫТША ӨЗГЕРЕДІ

Елорда көшелеріндегі жөндеу жұмысына байланысты 7 қоғамдық көліктің бағыты өзгеріп, уақытша өзге жолдармен жүреді.

«Сауран көшесіндегі жол жөндеу жұмыстары жүргізуіне байланысты №18, 28, 50, 52, 53, 60, 61 бағдарларының қозғалыс сызбасына уақытша өзгертулер енгізілді. Өз бағдарларыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз» дейді City Transportation Systems компаниясының басшысы.



ЯДРОЛЫҚ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасына барып, жаңа нысандары – Ядролық медицина орталығы мен емдік-диагностикалық блокпен танысты.

Президентке алдымен қыркүйек айында ашылатын Ядролық медицина орталығының диагностика блогы таныстырылды. Ядролық медицина орталығының іске қосылған кезде диагнозын қою қиын қатерлі ісік ауруларын, сондай-ақ кардиология және неврология ауруларын ерте кезеңінде анықтайды. Заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген жаңа орталықтың қызметі емделуге жолдама берілген әрбір қазақстандыққа ортақ.

Бұл орталықтың ерекшелігі – қазіргі кезде әлемдік медицина индустриясында қолжетімді позитронды эмиссиялық компьютер томографиясы. Сканерлеу жылдамдығы жоғары бұл аппарат диагноз қою сапасын арттырады. ПЭТ/КТ зерттеуінен өтетін пациенттердің санын жылына 3 мыңнан 7 мыңға дейін арттырады. Мамандардың айтуынша, қазіргі уақытта бұл аппараттың Орталық Азия мен ТМД елдерінде баламасы жоқ.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа

циклотронды-өндірістік кешен мен диагностикалық блокпен тұратын бірегей Ядролық медицина орталығының басқа да мүмкіндіктері туралы баяндалды. Атап айтқанда, циклотронды кешен арқылы 9 радиофармапрепарат өндірісіне жол ашылмақ. Қазақстанда бұл препараттардың сегізі бұрын өндірілмеген.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жаңа емдеу-диагностикалық блокты аралап көрді. Бұл жерде күрделі ауруларға шалдыққан науқастарды емдеу мен оңалтудың тәсілі арқылы 7 терапиялық бөлімше жұмыс істейді. Президент дәрігерлермен және ғалымдармен пікірлесіп, Ядролық медицина орталығының қызметі бүкіл еліміз үшін айтулы оқиға болатынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев орталық қызметі азаматтардың денсаулығын жақсартуға және қазақстандықтар үшін заманауи медициналық технологиялардың қолжетімділігін арттыруға қызмет ететініне сенетінін жеткізді.

МИНИСТРДІҢ МІНДЕТІН АТҚАРАДЫ

Бақыт Сұлтанов Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі лауазымынан босатылуына байланысты оның міндетін Серік Жұманғарин атқаратын болды. Бұл туралы Ақорданың ресми сайты хабарлады.

«Мемлекет басшысының Жарлығымен Серік Мақашұлы Жұманғарин Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің міндеттерін

атқарушы болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы лауазымынан босатылсын» делінген хабарламада.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Motorola брендімен рекордтық мүмкіндікке ие камерасы бар смартфон нарыққа шықты.

Ұялы байланыстың заманауи жетілген түрі – Moto X30 Pro нарықта 200 мегапиксельді камера алған алғашқы құрылғы. Ол 2400x1080 пиксель рұқсатымен және 144 герц жиілігін қолдайтын қисық 6,7 дюймдік OLED экранынан тұрады. Ұсынылған смартфон Snapdragon 8+ Gen 1 жоғарғы чипіне негізделген, кемінде 8 гигабайт жедел жады және 128 гигабайт ішкі жадысы бар.



ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ

Премьер-министр Әлихан Смайылов Нұр-Сұлтан қаласындағы жаңа өндірістік және әлеуметтік нысандар құрылысының барысымен танысты.

ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН КЕШЕН ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРАДЫ

Үкімет басшысы «Астана Технополис» АЭА аумағындағы «YDA Industrial Park» көпбейінді зауытының құрылыс алаңына барды. Кәсіпорын – медициналық жабдықтар, медициналық және кеңсе жиһаздарын, модульдік құрама құрылыстар, сондай-ақ қасбеттер, витраждар, терезелер мен есіктер өндіру бойынша интеграцияланған кешен. Зауыт өнімдері тек ішкі нарыққа ғана емес, көрші елдерге де экспортталады. Жалпы құны 46 млн доллардан асатын жоба шетелдік инвесторлар есебінен жүзеге асырылып жатыр.

Премьер-министр зауытты іске қосу қазіргі кезде шетелден әкелінетін өнім импортын алмастыруға оң әсерін тигізетінін атап өтті.

«Елімізде кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз етуге және инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған экономикалық реформалар жүзеге асырылып жатыр. Біз инвесторлардың келуін әрдайым қолдаймыз. Бұл жоба – Қазақстанда тиімді жұмыс істеп, көрші аймақтардың нарықтарына шығуға болатындығының дәлелі» деді Үкімет басшысы.

Өз кезегінде «YDA Group» басқарма төрағасы Хусейн Арслан бес кәсіпорынның төртеуі Қазақстанда алғаш рет ашылатынын атап өтті. «Қазақстандық тарапқа белсенді қолдау көрсеткені үшін алғысымды білдіремін. Біз тиісті министрлікпен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейміз, сондықтан өзімізге сенімдіміз» деді Хусейн Арслан.

11 МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Сонымен қатар Үкімет басшысы екі ауысымда 2400 оқушыны қабылдау әлеуеті бар 1200 орындық жаңа жалпы білім беретін мектеп құрылысының барысымен танысты. Оқу орны халық тығыз орналасқан Есіл ауданында салынып жатыр, бұл №84 және №85 мектеп-лицейлерінде орын тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Мектепті жыл соңында пайдалануға беру жоспарланып отыр. Жалпы биыл елордада 11 мектептің құрылысын аяқтау көзделген. Бұл қосымша 23 мыңнан астам оқушы орнын ашуға мүмкіндік береді.

«Соңғы жылдары жыл сайын 400 мыңға жуық бала дүниеге келуде. Олардың бәрі қазіргі таңда мектепке барып жатыр, ал мек-

тептердің шамадан тыс жүктелуі байқалады. Сондықтан мектеп құрылысын республикалық бюджеттен қаржыландыруды ұлғайту жоспарланып отыр. Елорданың жаңа мектептерінде жарактандырудың жоғары стандарттары қалыптасқан. Балаларға қолайлы жағдайда

іс-шараларды қабылдауды тапсырдым. Біріншіден, мектеп формасына бағаны ұстап тұру үшін Индустрия министрлігі «Атамекен» ҰКП-мен және әкімдіктермен бірлесіп, Жеңіл өнеркәсіп қауымдастығының ірі тігін цехтары мен ательелердің өкілдерімен

дей қаражат бөліп отырған жоқ. Сондықтан әкімдерге аталған жобаны қажетті көлемде қаржыландыруды қамтамасыз ету тапсырылды. Білімді ұрпақ – біздің басты құндылығымыз, сондықтан оқудың барлық жағдай жасау, қамқорлыққа алып, көңіл бөлу – біздің негізгі міндетіміз. Осыған байланысты мемлекеттік органдар мен әкімдіктер



оқуға мүмкіндік беру үшін елімізде салынып жатқан басқа да білім мекемелерінде осы стандарттардың болғанын қалаймыз» деді Премьер-министр.

БҮЛ МӘСЕЛЕ ҮКІМЕТТІҢ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛАДЫ

Әлихан Смайылов жаңа оқу жылының қарсаңында баға мәселесінде қаржылық шығындарды жеңілдететін механизмдер іске қосылатынын қадап айтты. «Санаулы күндерден соң жаңа оқу жылы басталады. Ата-аналар балаларының мектеп формасы мен аяқ киімдерін, оқу құралдарын түгелдей қамына кірісті.

келіссөз жүргізеді; екіншіден, Сауда және интеграция министрлігі «Атамекен» ҰКП-мен және әкімдіктермен бірлесіп, ірі сауда орталықтарымен және базарлармен канцеляриялық тауарларға, сөмкелер мен аяқ киімдерге және басқа да керек-жарақтарға бағаларды ұстап тұру мәселелерін пысықтайды; үшіншіден, әкімдіктер «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, облыс және аудан орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында төмендетілген бағамен мектеп жәрмеңкелерін, сондай-ақ жылжымайтын мектеп автодүкендерінің шалғай ауылдарға шығуын

мен белгілеп берген бағыттар бойынша жұмыс істеуі керек. Бұл мәселе Үкіметтің бақылауында болады» деді Премьер-министр.

Сондай-ақ Әлихан Смайылов Ә.Бектұров көшесінің бойындағы 577 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысына барды. Оның 189 пәтері апатты үйлердің тұрғындарына беріледі.

«Соңғы үш жылда елордада тұрғын үй құрылысы бойынша бес жылдық көрсеткіш жептәуір артты – 2019 жылдан бастап 8 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жалпы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елордада қолжетімді тұрғын үй құрылысының көлемі бес еседен астам ұлғайды» деді Үкімет басшысы.

Сондай-ақ Әлихан Смайылов Үкімет атынан құрылыс саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

«Құрылыс – отандық экономиканың маңызды және серпінді дамып келе жатқан саласы. Биыл бірінші жартыжылдықта құрылыс көлемі 9 пайыздан астам ұлғайды, 6,6 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, еліміздің құрылысшылары мен сала ардагерлеріне толайым табыс, зор денсаулық және амандық тілеймін!» деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының жұмыс сапарына Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев пен Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қатысты.




Алайда олардың бағасы – ең өзекті мәселенің бірі. Әлбетте, баға саясатына әлемдік логистиканың қымбаттауы, шикізат пен қызметтердің құны тікелей әсер етеді. Бірақ Үкімет пен әкімдіктерде қазақстандықтар үшін қаржылық шығындарды жеңілдетуге мүмкіндік беретін механизмдер бар. Бұл ретте мен бірқатар шұғыл

ұйымдастырады; төртіншіден, әкімдіктер әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға мемлекеттік органдар мен бизнес-құрылымдарды атаулы көмек көрсету үшін бекітіп береді; бесіншіден, бүгінгі таңда көмекке мұқтаж отбасыларды қолдау үшін құрылыс «Жаппай оқыту» қорына өңірлердің бәрі бір-

Миға чиптерді имплантациялау ерекше қажеттілігі бар адамдарға көмектеседі.

Tesla және Neuralink компанияларының негізін қалаушы Илон Маск бұл жағдайда чиптің бас миы жарақатын емдеуге немесе жеңілдетуге бағдарламаланатынын түсіндірді. Жаңа технология омыртқа жарақаты бар адамдардың аяқ-қолының жұмысын қалпына келтіруге де көмектесе алады. Сонымен қатар оны психикалық ауытқулардан емдеу үшін қолдануға болады.



Ғарышты арнайы зерттейтін ғалымдардың мәлімдеуінше, Күн біздің жерден 300000 есе үлкен.

Күн 25-35 күнде өз осінен толық айналады. Күннен Жерге жету үшін жарық 8,3 минутты алады, сондықтан Күн сөніп қалса, біз мұны бірден білеміз. Жер, Марс, Меркурий және Венера Жерге ең жақын орналасқандықтан «ішкі планеталар» деп те аталады. Күн жүйесінің жасы – шамамен 4,6 миллиард жыл. Ғалымдар оның тағы 10 миллиард жыл өмір сүретінін есептеді.

4,6 МЫҢНАН АСТАМ ҮЙГЕ ГАЗ ҚОСЫЛДЫ

Қала әкімі Алтай Көлгінов Сарыарқа және Алматы аудандары толықтай газбен қамтамасыз етіліп, 4,6 мыңнан аса үй газға қосылғанын мәлімдеді. Алтай Көлгінов Instagram парақшасындағы жазбасында көгілдір отынның қала экологиясына оң әсер етіп, тұрғындардың өмірін едәуір жеңілдеткені туралы жазды.



«Үйлерді газға қосу жұмысын жеңілдету үшін осыған дейін бірқатар шара қабылдадық: қажетті құжаттар тізімі қысқарды, жағдайы төмен отбасыларға бөлінетін сома 2 есе ұлғайды, есептегіш (газды есептеу құрылғылары) тегін беріледі, сол сияқты пайызсыз несие беру бағдарламасы да бар. Мұқтаж азаматтар үшін газға қосу үшін әлеу-

меттік көмек ала алады. Сәуір айынан бастап материалдық көмек көлемі екі есе артып, 410 мың теңгеден (130 АЕК-ке дейін) асты. Осы әлеуметтік көмек бойынша тамыз айында 188 отбасы өтініш білдірді, оның ішінде 178 отбасыға әлеуметтік көмек тағайындалды. Аталмыш көмекті алғандар арасында зейнеткерлер, ерекше қажеттігі бар

жандар, көпбалалы отбасылар және т. б. бар. Жалпы сомасы 62,5 млн теңгеден асады. Әлеуметтік көмектің бұл түрін алу үшін өтінімді egov.kz («Электрондық өтініштер» – «онлайн қызметке тапсырыс беру») порталы арқылы беру қажет. «Күтіп ұстау» бағанында тұрғын үйді газдандыру бойынша әлеуметтік көмек, ал «алушы» бағанында – Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы таңдалуы қажет» деп түсіндірді қала басшысы.

Ол сондай-ақ қазіргі уақытта Сарыарқа және Алматы аудандары толықтай көгілдір отынмен қамтамасыз етілгенін тілге тиек етті.

«Ол үшін 680 шақырымнан астам газ тарату желісі салынып, орамшілік желілер тартылды. 14 мың абонент газға қол жеткізді, 6 мыңнан астам абонент техникалық келісімшарт алды, сол сияқты 4,6 мыңнан астам үй газға қосылды. Бұдан бөлек, әлеуметтік нысандар газға қосылды. Байқоңыр және Есіл аудандарында газ құбырын тарту жұмысы басталды. Мәселен, бұл – Ильинка (Үркер), Өндіріс, Пригородный, Телман елді мекендері, «Family Village», «Garden Village» шағын аудандары және тағы басқалар. Шұбар шағын ауданында жобалау жұмысы жүріп жатыр. Ал Есіл және Байқоңыр аудандарында алдымен жеткізуші газ құбырын, келер жылы орамшілік желілерді саламыз. Газдандыру жұмысы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында» деді А.Көлгінов.



ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Қызым мемлекеттік грантқа түсе алмады. Енді көпбалалы отбасының мүшесі ретінде ЖОО-ға оқуға түсуде қандай көмек ала алады?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– 2022 жылдың 21 тамызына дейін қаланың Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы елорданың жоғары оқу орындарында күндізгі оқу түріне ақы төлеуге әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттарды қабылдайды. Бұл топқа жетім балалар; балалар үйінің түлектері; бала кезінен мүгедектер; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; көпбалалы отбасыдан шыққан балалар (оның ішінде ағымдағы жылы кәметтік жасқа толған үлкен бала білім беру ұйымдарына

күндізгі оқу нысанына түскенге дейін) жатады.

Әлеуметтік көмек алу үшін тиісті құжаттарды тапсырады. Көмек отбасының бір мүшесіне төрт ең төмен күнкөріс деңгейі (190088 теңге) мөлшерінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыс болған жағдайда ақшалай төлем түрінде тағайындалатынын атап өту маңызды. Тестілеу кезінде қажетті ең төменгі балл (2022 жылға өту балы – 50 балл) алмаған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне әлеуметтік көмек тағайындалмайды.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ!»

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ, елорда тұрғыны:

– Елімізде ашық жер кадастрының толық базасы қашан қолжетімді болады?

Бұл сұраққа Ауыл шаруашылығы министрлігі қоғаммен байланыс басқармасының басшысы Дархан ДУЛАТҰЛЫ жауап береді:

– 2022 жылы 15 тамызда мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің порталында ақпаратқа толық қолжетімділікті жаңарту жоспарланып отыр.

Шілде айының ортасында базада техникалық ақау орын алып, бұл aiszgk.kz сайтындағы жер учаскелері

туралы мәліметтердің қолжетімсіз болуына әкелген болатын.

Қазіргі уақытта орын алған ақаудың себептері анықталды. Мамандар тобы тәулік бойы ақаулықтарды жою бойынша жұмыс істеді. Техникалық жұмыстар ең қысқа мерзімде аяқталады.

aiszgk.kz порталдағы кадастрлық картаның көмегімен кез келген азаматтың Қазақстанның жер пайдаланушылары туралы ақпаратты білуге мүмкіндігі бар.

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ МАҢЫЗДЫ

Елімізде мұғалімдердің республикалық тамыз кеңесі басталғаны белгілі. Екі апта бойы панельдік сессияларда педагогтар мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім берудегі өзекті мәселелерді, балалардың құқығын қорғау және білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелерін талқылайды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



Кеше Нұр-Сұлтан қаласында жаңа оқу жылындағы педагогтардың үздіксіз біліктілігін арттыру бойынша секциялық отырысы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов және еліміздің барлық өңірінен келген мектеп директорлары мен мұғалімдердің қатысуымен өткізілді. Асхат Аймағамбетов педагог мамандығы бойынша университетте оқып жүрген студенттердің мектептерде тәжірибеден өту тәртібі қайта қаралатындығын айтты.

«Тәжірибеден бірінші курстан бастап өткізуді ұйымдастырып отырмыз. Бірінші курстан бастап өткені жақсы, бірақ оны өткізу барысына қатысты сұрақтар бар. Мәселен, студент тәжірибеден өзінің туған ауылындағы шағын жинақты мектептен өтуге өтініш білдіреді. Өз кезегінде университет бұл өтінішке

келісімін береді. Бұл мектепте тиісті деңгейде тәлім-тәрбие беретін адам бар ма? Өйткені жас маманды кәсіптік тәжірибеден екіншісі өткізе алмайды. Ол жерде қандай әдістер бар, онымен кім қалай жұмыс істейтініне ешкім мән беріп отырған жоқ. Сондықтан туған жеріндегі мектептен тәжірибеден өткен кезде оған тиісті тәлім беретін адам болмаса, одан қандай сапа талап ете аламыз?» деді А.Аймағамбетов республикалық тамыз конференциясының панельдік сессиясында.

Оқу-ағарту министрі бұл бағыттағы тәртіпке қазіргі кезде өзгерту енгізіліп жатқанын айтты.

«Біз жұмыс беруші ретінде тиісті талаптарды қоямыз. Бұл тұрғыда тәжірибені басқаша өткізу керек. Тәжірибеден өте алатын мектептердің

өлшемдерін қою ескерілген. Себебі мектепте мұғалімдер мен әдіскерлер бар болса, бұл оқу орнында тәжірибеден өгіп, үйренуге болады. Сондықтан университеттерде оқып жатқан студенттердің тәжірибеден өтуге баруының өзі басқаша қаралады» деді А.Аймағамбетов. Ол сондай-ақ жас мамандар мектепте толтырылатын құжаттарды, бағалау жүйесін, яғни оқу орнында реформалар жайында жан-жақты білуі керек екенін атап өтті.

Шындығында өз ісін сүйетін әрі жетілдіруге талпынатын мұғалім болмаса, білім алғысы келетін әрі дамуға талпынатын оқушы болмайтыны түсінікті. Сондықтан да мектеп мұғалімінің оқыту сапасын арттыруды басты орынға қою өте маңызды.

ДІНИ АҒАРТУДЫ КӨЗДЕЙДІ

Нұр-Сұлтан қаласы дін мәселелері жөніндегі республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мамандары биыл 15-16 тамыз аралығында діни-ағартушылық жұмысын жүргізді. Бұл жұмыстар қазақстандық қоғамның дәстүрлі, мәдени және отбасылық құндылықтарын нығайтуға бағытталған.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің арнайы жобасы аясында жергілікті тұрғындармен өткізілген бірқатар іс-шаралар мен кездесулер діни экстремизмнің алдын алуды да көздейді. Аталған кездесулерге белгілі теологтар, дінтанушылар тартылып, олар 15 тамызда елордадағы «Астаналық», «АйМақ-Тау», «Шапағат», «Әлем», «Big Шанхай» және «Шарын» базарларының саудагерлері мен №6636 әскери бөлімі қызметкерлері және «Астана жастары» мекемесінің еріктерімен кездесті. Ал 16 тамызда елордадағы ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің қатысуымен қаладағы Ақмола облыстық жедел бөлімшесінің әскери қызметкерлерімен, «Нұр-Астана» мешітінің жамағатымен, №2 балалар мен

жасөспірімдер спорт мектебі, №6, №8 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі спортшылары және жаттықтырушылары арасында семинар ұйымдастырылды. Бұл жиындарда қала тұрғындарына Қазақстанда тұратын барлық конфессиялар мен этностардың өзара тату-тәтті, бірлікте өмір сүруіне, Қазақстан халқының мәдениеті мен рухани мұрасына, деструктивті жағдан діни және радикалды идеялардың зияндылығына бағытталған ақпараттар берілді. Сарапшылар діни рухани-адамгершілік тұрғыдағы мәселелерге, қазіргі қоғамдағы әйелдердің рөлі мен әлеуметтік мәртебесін арттыруға, сондай-ақ деструктивті діни ағымдардың әсеріне қарсы тұру шараларына ерекше назар аударды.

СЕНБІЛІК – ТАЗАЛЫҚ ТАРАЗЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «Мемлекеттік күзет қызметімен» бірлесіп, Қоянды су қоймасының аумағын жинау бойынша сенбілік өткізді.

Экология мәселесі өткір құбылысқа айналып, қоғамның алдында қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру міндеті тұр.

Осындай міндеттермен үндескен сенбілікке «Мемлекеттік күзет қызметінің» әскери қызметшілері, «Эко

Полигон Астаны» ЖШС, «Clean City NC» ЖШС, «ЖасНұр» өндірістік-шаруашылық кәсіпорны» МКҚК және «Арғын Строй 2015» ЖШС кәсіпорнының 80-нен аса қызметкері белсенділік танытып, 19 тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды жинап, арнайы полигонға шығарды.

Австралияның Сунберн технологиялық университетінің ғалымдары Марстың тотырағынан темір өндіру процесін ойлап тапты.

Зерттеушілер карботермиялық тотықсыздану арқылы реголиттен темір алу идеясын ұсыныпты. Сонымен бірге энергия көзі ретінде шоғырланған күн сәулесі пайдаланылады. Perseverance roverі көмірқышқыл газын электрлиздеу арқылы Марста оттегін өндіруге болатынын анықтапты. Бұл процесс кезінде жанама өнім ретінде көп мөлшерде көміртегі тотығы бөлінеді екен.



Массачусетс технологиялық институтының зерттеушілері жасанды нейрондарды жаңа деңгейге шығарды.

Олар адамнан миллион есе жылдам жұмыс істей алатын жасанды нейрондық желіні құрыпты. Бұл нейрондар бір-біріне аксон мен дендритті байланыстыратын синапстармен байланысады. Олар «әсер ету потенциалы» деп аталатын электрлік сигналдар арқылы байланысады, осының арқасында нейротрансмиттерлер шығарылады.

№96 (4374) 16/08/2022 Сейсенбі

САПАРЫҢЫЗДЫ ЕРТЕРЕК ЖОСПАРЛАҢЫЗ!

Қалалық City Transportation Systems көлік компаниясы қоғамдық және жеке автокөлікпен жүргенде тұрғындардың сапарын алдын ала жоспарлауын сұрайды. Әсіресе жолда кептеліс пайда болған кезде мұның қажеттілігі жоғары.

Райхан
РАХМЕТОВА

– Сапарыңызды алдын ала жоспарлау мен құру үшін 2ГИС, Яндекс.Карта мобильді қосымшалары қолжетімді. Бұл қосымшаларда автобустарды онлайн бақылау жүйесі жұмыс істейді. Біздің әлеуметтік желілердегі Instagram @cts_kz және Facebook @CityTransportationSystems парақшаларымызда бағдарлар қозғалысы сызбаларының уақытша өзгерісі, қала маңы бағдарларының кестесі және басқа да өзгерістер туралы ақпарат беріледі. Сондықтан әлеуметтік парақшамызға жазылыңыз және барлық жаңалықтардан хабардар болыңыз, – дейді CTS компаниясы қоғаммен байланыс департаментінің директоры Нұрсұлтан Ибраев. Компания өкілі сонымен



қатар тұрғындардан жол жүру ақысын уақытты төлеп, қоғамдық көлікте көлік карталарын валидациялауды сұрайды. Көліктік бақылау департаментінің қызметкерлері күнделікті билетсіз жолаушыларды анықтау бойынша рейд жүргізеді. Көп жағдайда жол жүру ақысын «қояндар» КБД қызметкерлерін көрген кезде ғана төлейді. Жыл басынан бері жол жүру ақысын төлеуден жалтару бойынша 70 мыңнан астам факті

анықталды. Оның ішінде 9 мыңнан астам жолаушыға ҚР ӘҚБтК-нің 622-бабының 2-бөлігі бойынша жалпы сомасы 61 млн теңгеден асатын сомаға айыппұл салынып, әкімшілік жауапкершілік тартылды.

– Төленген жолақы мен жүргізілген валидация негізінде біз жолда жүру сапары бойынша корреспонденция аламыз. Бұл өз кезегінде біздің мамандарға жолаушылар ағынының нақты көрінісін көруге көмектеседі, ал

бұл – дұрыс бағдарлық желіні құру, яғни оларды өзгерту, жаңасын қосу, неғұрлым сұранысқа ие бағдарлардағы жүктемені азайту, бағдарларды бөлудегі негізгі элемент. Сонымен қатар сіздің төлеген жолақыңыз елордадағы қоғамдық көліктің дамуына жұмсалатынын ұмытпаңыз. Атап айтқанда, жанармай сатып алу, жүргізушілердің жалақысын төлеу, елорданың автобус паркін жаңартуға жұмсалды, – деді Н.Ибраев.



ЖОЛ ҮШІН ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Vinom мектеп-лицейіне жол салуы тиіс мердігерді сотқа бермекші.


«Бүгінгі таңда бас мердігерге қатысты талап-арыз жұмысын бастау үшін құжаттамалар жиналуда» деді қала әкімі Алтай Көлгінов.

Осының алдында «Ашық диалог» порталына қала тұрғыны Анара Шайкенова арызданып, Бұқар жырау бойындағы мектепке баратын жол салынбағанын айтып еді.

«Балалар мектепке қалай жаяу барады? Көктем мен күзде жер лайланып, мектепке жаяу жету мүмкін емес. Көлікпен бару үшін Ұлы даланы айналып үлкен шеңбер жасау керек. Сол себептен мектепке дейінгі Бұқар жырау көшесі мен Мәңгілік ел жолын ашып беруді өтінеміз» деген еді.

ТОҒАНДАҒЫ СУ АЗАЙМАЙДЫ

Шаһар тұрғындары Ботаникалық бақтағы жасанды су қоймасы деңгейінің төмендегенін байқады. Осыған орай, қала әкімдігі аталған жайтқа қатысты түсінік берді.



«Күн сайын түнгі уақытта Ботаникалық бақтағы су қоймасынан жасыл желектерді суару үшін су алынады. Таңертең су деңгейі қалыпты жағдайға келеді. Тоғандағы су көлемі азаймайды» деп түсіндірді әкімдіктерілер БАҚ-тың өкілдеріне.


Әкімдік сондай-ақ коммуналдық қызметтер су айдыны мен оған іргелес аумақты санитарлық тазалау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізіп

отырғанына сендірді. Астана ботаникалық бағы – бұл өсімдіктер дүниесін, соның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерді қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі зерттеулер мен ғылыми әзірлемелер жүргізуге арналған табиғат қорғау және ғылыми ұйым мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Баян АСЫЛБЕКОВА

МИБ-терді ТІРКЕУ ОҢАЙ МА?

Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаменті мен елордадағы МИБ орталығы бас шаһарда меншік иелерінің бірлестіктерін тіркеу мәселелерін талқылады.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Жиын барысында МИБ-терді тіркеу кезінде туындайтын қиындықтар кеңінен сөз болды. Жасаратыны жоқ, соңғы уақытта МИБ-терді тіркеуден бас тарту жиілеп кетті. Жағдайдың бұлай қайталануына жүйеде

жиі кездеседі. Ал МИБ-ті тіркеу Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР заңы бойынша өтініш берілген күні кондоминиум объектісін тіркеуге міндеттемейтінін атап өту қажет. Объектіні тіркеу рәсімін кейінірек жасауға немесе мемлекеттік қызметті алу стандарты бойынша бір мезгілде өтініш жіберуге болады. Бұл ешқашан қарама-қайшылық тудырмайды. Алайда бүгінде біздегі жүйе ғимараттың коды болмаған МИБ-ті тіркемейді. Осыған орай, жергілікті жерлердегі мамандар мен меншік иелері түрлі қолайсыздыққа тап болуда, – деді қалалық МИБ орталығының жетекшісі Гүлвира Әбетова.

Заңды тұлғаны тіркеуге жатпайтын мәселелер бойынша кворумның болуын тексеру Әділет департаментінің құзыретіне жатпайды. Дегенмен жиналыстың бірыңғай хаттамасын берген кезде көптеген меншік иелері МИБ-ті тіркеуде, қызметті жүзеге асыруда туындайтын мәселелердің толық тізімін бекітеді.

– Құжаттарды тіркеуге тапсырған азаматтар бұл мәселелерді жеке хаттамалармен бөле ал-

майды, өйткені жиналыс бір және жиналыстағы мәселелер талқыланып, жан-жақты бекітілді. Бұл ретте халықпен де, сот органдарымен де қосымша түсіндіру жұмысын жүргізу қажет. Әділет департаменті – тіркеуші орган және тіркеу мәселелері бойынша кворумның болуын және оған қатысты мәселелерді қарайды. Құқықтарды беру, тарифтерді ұсыну, басқаруға және қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін басқа да мәселелер тіркеу бөлімінің құзыретіне жатпайды, бұл – меншік иелерінің міндеті, – деді Гүлвира Әбетова.

Жиынға қатысушылар қала тұрғындары үшін тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша тұрғындармен тоқсан сайын кездесулер өткізуге бірауыздан келісті. Осылайша алдағы уақытта елордада МИБ орталығының алаңында ашық есік күні ұйымдастырылады. Онда қала тұрғындары еркін қарым-қатынас форматында кез келген маманға келіп, өзін толғандырған барлық сұраққа, мәселен, МИБ-ті тіркеу, қаражаттың жұмсалыуын бақылауды жүзеге асыру, техникалық және заңды мәселелер, өртке қарсы қауіпсіздік және басқа да проблемалар бойынша толық жауап ала алады.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – БАҚЫЛАУДА

Елордада инклюзивті білім беру аясында 34 колледждің 20-сында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттер үшін тең жағдай және кедергісіз орта жасалған. 5 колледжде жаңа оқу жылына қарай 100 орындық инклюзивті топтар ашу жоспарлануда. Бұл туралы Amanat партиясы елордалық филиалының жанындағы отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысында айтылды.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Басқосуға Білім, Қоғамдық денсаулық сақтау, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ Инвестициялар және кәсіпкерлік басқармаларының

өкілдері қатысты.

– Әрбір құрылған инклюзивті топта арнайы қызметкер – тьютор бекітілетінін атап өткен жөн. Біз мүгедектер арбасындағы балаларға қатысты проблеманы атап өттік, – дейді қалалық мәслихат депутаты Салтанат Женалаева.

Бөлінген мамандықтардың ішінен болашақ мамандық барлық балаларға қолайлы бола бермейді. Және бұл жерде олардың кейіннен жұмысқа орналасуы мүмкін қандай мамандық алғысы келетіндігі туралы сауалнама жүргізу қажет. Отырыс барысында партияның

сайлауалды бағдарламасының аймақтық жол картасы тармақтарының орындалуы, инклюзивті білім берудің қолжетімділігі, отбасылық денсаулық орталықтары мен «Үйдегі дәрігер» дәрігерлік амбулаторияларын ашу, жұмыс орындарын құру бойынша басқармалардың есептері тыңдалды.

Инклюзивті білім беру – барлығына, оның ішінде ерекше қажеттілігі бар балаларға да қолжетімді білім беруді көздейтін жалпы білім беруді дамыту процесі. Ол қазіргі қоғамда үлкен перспективалары бар оқытудың

прогрессивті тәсілі және мүмкіндігі шектеулі әрбір бала өзінің мүмкіндігі мен қажеттілігіне бейімделген сапалы білім алу құқығын іске асыра алады.

С.Женалаеваның айтуынша, «Үй жанындағы дәрігер» жобасы аясында биыл 10 нысанның ашылуы жоспарланған, оның 6-уы анықталып, 2-уі ашылды. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қаланың интерактивті картасымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстардың орындалмауына қатысты ескертулер айтылды. Осы себептен медициналық мекемелердің ашылуы хаотикалық түрде жүреді. Интерактивті картамен жұмыс істеу жаңа орталықтарды

ашу үшін, оларға аса мұқтаж жерлерді сапалы анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ отырыста жұмыссыздық мәселелері туралы сөз қозғалып, қаладағы ахуал бойынша мәлімет берілді.

Осы жылдың 7 айында елордада 13579 жаңа жұмыс орны ашылды (жоспардың 48 пайызы орындалды), жоспарға сәйкес 28278 жұмыс орны), оның ішінде 10636 тұрақты және 2943 уақытша жұмыс орны. Отырыс қорытындысы бойынша құзырлы органдардың басшыларына жол картасын орындау аясында жұмысты жақсарту үшін ұсыныстар берілді.

Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттары елшілігінің демеушілігімен Мұхтар Әуезовтің 1960 жылы АҚШ-қа сапары жайлы очерктері, жолжазба күнделігі; бұл мұраны ұзақ жылдардан соң ғылыми айналымға тартқан М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ҒМО-ның мамандары Гүлзия Пірәлі мен Диар Қонаевтың осы жазбаларға қатысты зерттеулері; Кеңес Одағынан барған қаламгердің бірі Олес Гончардың Америкада өткізген күндері, Әуезовтің тұлғалық айрықша болмысы туралы естеліктері; сапар маршрутының картасы мен жоба кураторы Деннис Кин «Кіріспе сөз» жазған ағылшын тіліндегі жинақ жарық көрді.

Деннис Кин Мұхтар Әуезовтің Диснейленд туралы егжей-тегжейлі танымдық-ақпараттық жазбасы болашақ Дисней зерттеушілері үшін өзгеше бір олжа болатындығын құлаққағыс етеді. Жазушының бақылау, қызығушылық ынтықсы туралы айрықша әсермен айтады.

Америка үшін Әуезов қолжазбасында ашылатын игілік тұнып тұр. Бұл сапар жазбасы, сол негізде 1960 жылдың жаз айларында асығыстау хатқа түсірілген «Америка әсерлері» очерктері туралы «Қазіргі мұхтартану» атты екі томдық монографиялық зерттеуінің арнайы жазылған бір тарауында «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығындағы қолжазба нұсқалардың ғылыми айналымға тартылуының өзекті міндеттерінде кейінгі 10 жылда М.Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағына енген, ғылыми айналымға толық түспеген мәселелерінде жұмыс жүргізіп отырған белгілі әдебиеттанушы Гүлзия Пірәлі кең қозғап сөз бастаған еді. Гүлзия Пірәлі жолжазбаның күнделік нұсқасы мен жазушы қилы себептерден асығыстау, аяқтап үлгермей хатқа түсіріп кеткен «Америка әсерлері» очерктерін мазмұн аясы, дерек, дәйек айналымы, т.б. мәнде салыстыра саралады.

Алыс, айбынды Американы әрбір жолы түсіп, дәмін татқан адам өзінше көреді. Өзінше ашады.

Айналасы 1 ай уақытта Әуезов Американы тарихи, рухани, әлеуметтік-тұрмыстық, географиялық-климаттық тұғырында танып, ашу өлшемдерін қалыптастырушы институттардың ұстанымдарында тоқтамдар айтқан екен.

Мұхтар Әуезовтің Америка сапарына қатысты жазбалары жазушының

көзі тіріде жарыққа шықпаған, толық өңделіп, сұрыпталып бітпеген күйде, өз диктовкасымен хатқа түскен алғашқы нұсқасы 1964 жылы газетте басылыпты. Бұл басылым көрген нұсқа Америка туралы көлемді, көп құбылыс қамтылған, айтылған, айтылмағанына «керек», «қайта оралу керек», «есте болсын» деген белгілер түсіп отырған құнды жолжазба күнделіктің тезистері іспетті деуге де болады. Мұхтар Әуезовтің бұл сапар жазбасын қапсыз сұрыптап, қайта өңдеп қайырылуға қайырлы ғұмырының соңғы жылындағы уақыт тапшылығы да әсер еткен. Сонымен бірге әлемдік екі державаның арақатынасындағы басқа да салқындау түйткілдері тоқтатқан болуы мүмкін.

Сол жолсапарының хатқа түскен нұсқасын хатқа түскен нұсқасына қатысты сыйайгершілікпен

түбегейлі, жалықпай зерделеу, зерттеу әдістерімен, ара-тұра өзінен басқа байқайтын, көре алмайтын құбылыс-сұлулықпен сәулелендіріп, еміне, елжіреп, қазақ баласы бұрын-соңғыда енді тап келген ХХ ғасырдың ғажайыптарын бірінен кейін бірі түгендеп, тастамай таңбалайды.

Жеке, арнайы институттар бас-басына шұқшия шұғылданатын әлеуметтану, елтану, адамтану, жертану мәселелерін «үй артында кісі бар» уақытта еш тартынбай, тайсалмай сөйлейді.

Америка халқының дінге ұйыған, дін ұстанған, Библиясы бірге жүретін халық екендігін екпін түсіре айтып отырған. Вашингтондағы мұсылман мешіттерінің көптігі жүрегің жылытқанын да жасырмайды. Жұрттың өз өмірлерін қауымдаса реттеу құқын сөз арасын-



тұрсын, тіпті столица мен провинция деген, орталық пен аудан деген арасындағы айырмасы мүлде жойылған» (Күнделіктен) (38-том, 235-б.).

Есесі түгел, адамы адам болып өмір сүретін елдің Әуезовке ұнаған дүниесі көп еді. Айналасы бір ай уақыт... Жазушы алыс елдің тәртіпке бағынған, мығым жүйеде тұзу түзілген тіршілігіндегі жарқын сәулелерді армансыз шуақтап, қысталаңқы көп өміріндегі ендігі бір өлшеулі игілікке балаша шаттанып, бір жасап қайтқан еді...

Бұл жерде өңгіме ішіп-жем емес, жан азаттығына тартады.

Америка туралы жолжазба күнделікте Әуезовтің қайталанбас сөз қолданыс үлгілері аз емес. Намазжай дейді синагогаға қатысты. Қазіргі тілге керек сөз.

«Іркіштеу» дейтін сын есім кездесті. Бұл да тілдік айналымнан «кетіп қалған»

коллекциясын қайырымдылыққа жұмсаған Александр Мэнланд туралы «Бұл да бір ғаламат қызық мінез» депті.

Америка табиғатын, оңтүстік жақтарын Қызылорда, Жосалы маңайына ұқсатып отыратын жерлері бар.

Америка ілгеріде өрлетіп жіберген атыс-шабыс фильмдері, оның теріс ықпалы; оқушы балаларды бір апталық орманшылар курсына апарып, табиғат қорғаушылық дағды қалыптастыру өнегесі туралы айтқандары – адам тұлғасы тәрбиесіндегі өзекті мәселелер.

Барған жерлері, қонақта болған үйлері, олардың иелері аталып отырады. Жақсының жақсылығын айтуға асығады. Көргеніне зер салмайтын салғырт сәті жоқ.

Америка адамының еңбегі, қарапайымдығы аңғарылып отырады. Әйелдердің қоларбамен сабилерін қыдыртып жүргеніне қатысты «прислуга жоқ» деп түйіп қояды.

Әуезов Америка кино өндірісіндегі, Голливудтағы таңғаларлық молдық, кино байлығы, ондағы дін мазмұнды туындылардың басымдығы, Диснейленд, Гранд каньон туралы сүйсіне жазады. Үндістердің қайсыбір өз тілі жоқ тайпалары, негізінде жер-суы бар, шаруасын күйттеп, жағдайлы өмір сүріп жатқандарын көңіл толған, жағымды әсерде жеткізеді. Есік алдын, үй-жай тұрмысын баптап отырған қаладан жырақ мекендерге «елсіз жыраққа мәдениет осылай да келе салады» деп қызығып қарайды.

Америка табиғатын суреттеуінде қазақ даласын да көріп отыратындай. Мұхтар Әуезов прозасындағы шалқар суреттеу кеңістігі мен мұндайды. «Шынайы құлазыған елсіз көп-көп қоңыр таулар, адырлар».

Өзіне «құлатып» алатын (распологать ететін – Қ.М.), тіршілікпен тұтастандыратын сырлы, қайратты тілі. Ыждағаты асып төгілген тілі. Образ ашып, олжа үлестіріп кететін шүлен тілі.

«Вашингтонға самолет отырар-отырмасы белгісіз боп келе жатты» (ауа райына байланысты – Қ.М.). Күнделік жазбадағы ықтияттылық, тоқтаған кент, қонақүйлердің мекенжайына дейін жазып көрсетіп отыру; тазалық, күтім сапасы; шақырған ортаның дәм-тұзын дәріптеу; елең еткізер өзгешеліктерді «есте боларлық жайлар» деп даралап отыру; бөтендігі жоқ, жат демейтін қазақы болмыс; алпыстан асар-аспас ғұмырдағы асу-асу ауыр жолдар; тындырған мың сан шаруа; еңсесі биік ер бітім; адамсүйгіш, өмірсүйгіш қызу құштар болмыс... Сарқылмайтын кісілік игілік.

«Мұхтар Әуезов. Америка әсерлері» басылымын ағылшын тілінде оқытын алыстағы америкалық ағайынның осы ізгілікпен ортақтасатыны марқайтады.

Қанипаш МӘДІБАЕВА, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері

АМЕРИКА АШҚАН ЖОЛЖАЗБА



МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ АМЕРИКА САПАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАЗБАЛАРЫ ЖАЗУШЫНЫҢ КӨЗІ ТІРСІНДЕ ЖАРЫҚҚА ШЫҚПАҒАН, ТОЛЫҚ ӨНДЕЛІП, СҰРЫПАЛЫП БІТПЕГЕН КҮЙДЕ. ӨЗ ДИКТОВКАСЫМЕН ХАТҚА ТҮСКЕН АЛҒАШҚЫ НҰСҚАСЫ 1964 ЖЫЛЫ ГАЗЕТТЕ БАСЫЛЫПТЫ. БҰЛ БАСЫЛЫМ КӨРГЕН НҰСҚА АМЕРИКА ТУРАЛЫ КӨЛЕМДІ, КӨП ҚҰБЫЛЫС ҚАМТЫЛҒАН, АЙТЫЛҒАН, АЙТЫЛМАҒАНЫНА «КЕРЕК», «ҚАЙТА ОРАЛУ КЕРЕК», «ЕСТЕ БОЛСЫН» ДЕГЕН БЕЛГІЛЕР ТҮСІП ОТЫРҒАН ҚҰНДЫ ЖОЛЖАЗБА КҮНДЕЛІКТІҢ ТЕЗИСТЕРІ ІСПЕТТІ ДЕУГЕ ДЕ БОЛАДЫ

шектеле сөйлегенімен, «өңделмеген» жолжазбаның өнімді алқаптары, жаһандық ауқым, шебер сұлу өрімдері көңіл көншітеді.

Адамзаттың ХХ ғасырдағы сағап кеткен артықшылықтарын Әуезов әуежайдан бастап тізбелеп жазуында көргенім – көкейімде ғой демей, көбінде көштен қалған өз жұртының әрбір адамы білсін, сезінсін деген пейілімен, жақсымен бөлісуге асық жомарт дағдысымен

да түсіндіріп отыратын тұстары көп.

Капитолий. Сенат. Конгресс. Дін өкілдері де, әйел адам да, бай да, бағылан да, қай нәсілден де қатысады. Бақылайды.

Қалалар. Оқу орындары. Егістік алқаптар. Шатқал, шөлдер. Орман-сулар. Резервация. Зәулім үйлер. 85-қабатқа 1,5 минутта көтеріп жеткізетін озық жүйріктік. Жүз бояулы, мың бояулы Нью-Йорк. Ірлік. Молдық. Озық технология.

Небір жетілдірілген фотообъектив бәрібір де адамның қос жанары қамтыған тылсымдарды жарқ еткізіп ашуға қауқарсыз. Көрініс көрсетіп, әсер жеткізуде алдына жан түспейтін Мұхтар Әуезов аспанда отырып та, отарбаға мінгенде де, асығыс-қапылыс, абыр-сабыр әбігерде де, алыс жолдан шаршағанда да жазудағы құдіретінен жазбайды.

Адам мен спан «жақындай» түскен ұшақ үстіндегі күй. Көріністі көру. «Таң сызып атып келіп, қазір көк сәуле молайды». Мұны көру ғажап!

Жолжазбаға қаншама танымдық ақпарат тартылған. Адамзат мәдениетіне соншалықты лайықты ынтықтық, білгірлік өресі. «Америка әсерлері», «Америка сапары (жолжазбалар) туралы Гүлзия Пірәлі ықтияттап, қорыта айтқан тоқтам, Нью-Йорк. Ірлік. Молдық. Мұхтар Әуезовтің қолжаз-

ба күнделігі мен хатқа түскен очеркін кідірістеп, салыстыра, ұзақ аялдап қайта оқыдық.

Батыс өңірінің негізді құндылықтарына зер салуында, айрықша тұғырын танытуда арнайы зерттеулерде ашыла, айтыла бермейтін құбылыстарға тарихи ақиқат төрелік жасап отырған екен.

Тұрмыстың ұсақ-түйегінен адамға деген ұдайы қамқорлықты көріп қызығады. Америка халқының сол кездің өзіндегі жайлы тұрмысын жасырмай, байыптап жазады.

«Бұнда Америкада бар жерде сондай адам жағдайы». Байлар да, қызметкер де лыпып тұрады дейді.

«Бір үлгімен пішкендей біркелкі жанға жайлы өмір. Бұнысына, цивилизацияның, жалпы адамның жайлы жағдайына еріксіз сүйсінесіз. Ол жағына қарағанда, бұнда, Америкада қала мен деревня айырмасы жағы былай

№96 (4374) 16/08/2022 Сейсенбі

ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ

2014 жылдың күзінде елордадағы Ұлттық мұрағатта белгілі әнші, өнер зерттеуші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Серік Оспановтың «Сәкен Сейфуллиннің музыкалық мұрасы» кітабы мен «Сыр сандық» атты Сәкен әндерінің CD үнтаспасының таныстырылымы өтті. Іс-шарада сәкентану іліміне алпыс жылға жуық ғұмырын арнаған филология ғылымдарының докторы, профессор, ұстаз, ғалым, әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішұлы жарты сағаттан аса көсіліп сөйледі. Бүгіндері туғанына 95 жыл толып отырған ғалым онда өз өміріне, Сәкен ғұмыры мен шығармашылығына біршама тоқталды. Бұл әңгімені диктофонға жазып алып, күні бүгінге дейін сақтап келе жатырмын. Мерейтойына орай содан үзіндіні қағазға түсірудің реті келіп тұр.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Ақмола облысының Бұланды ауданында туған Тұрсынбек Кәкішұлының бозбалалық шағы қазіргі Нұр-Сұлтан қаласында өтті. Он жеті жасында, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары бүгінгі М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында актер болды. Ол уақытта бұл өнер ошағында қазақ пен орыс бөлімдері қатар жұмыс істеді. Осы жерден Алматыға оқуға аттанды. Ғалымның өз сөзіне құлақ түрелік.

«1944 жылы мен осы Ақмолада қазақ театрының әртісі болдым. Қосымжан Бабақов, Дәулет Мықтыбаев, Кенжебек Күмісбеков

бәріміз бірге жұмыс істедік. Өзім Қосымжан Бабақовтың шаңырағында алты ай жаттым. Үйінде алғашқы беті де, екінші беті де, үшінші беті де, соңғы беттері де жоқ біраз жыртылған кітап бар екен. Қосымжан аға маған соны оқытып, «Кімнің шығармасын оқыдың?» деп сұрады. «Қайдан білейін, Сәкен, Сәкен дейді ғой» деп жауап бердім. «Байқа, сен Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуін» оқыдың. Енді Сәкенді ауызға алатын болсаң, осындай кітабын оқыдым десен, мұрдем кетесің. Сондықтан тісіңнен шығарма» деп бірден ескертті. Сол кезде Қарағандыдан Алматыға дейін вагон жүреді. Соған мініп, оқуға аттандым. Қазақ Мемлекеттік уни-



верситетіне оқуға түсіп, оны 1950 жылы бітірді. «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгерушісі болып, «Мектеп» баспасында аға редактор міндетін атқарды. Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер, өзі оқыған университетте аға оқытушы, доцент, декан, кафедралар меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1971 жылы және қалыптасу жолдары тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

«Дәуір суреттері», «Сын сапары», «Оңаша отау», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», т.б. еңбектерінде қазақ әдебиеті мен сынының тарихын терең зерттеп, зерделеді. Шәкірті, филология ғылымдарының докторы Жандос Смағұловтың айтуынша, Тұрсынбек Кәкішұлы қазақ әдебиеттану ғылымында қазан төңкерісіне дейін сын болған жоқ деген қағида-ны жоққа шығарып, қазақ

әдеби сынының тарихына зор үлес қосты. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығында халықтық, сыншылдық, эстетикалық көзқарасынан бастау алып жатқан «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Айқап», «Қазақ» сынды қазақтың тұңғыш газет-журналдардың сыни ой-пікірдің тууына игі әсерін жан-жақты талдады.

Оның арғы жағына барып, әдеби сынының түп-төрінін көне замандағы түрлі ескерткіштерінен, орта ғасырлық жазбалардан, Қазақ хандығы тұсындағы би-шешендерден, ақын-жыраулардан, қазақ жерінен шыққан ғұламалардың еңбектерінен тапты. Қорқыттың қазақ жерін аралап, әр өңірге берген бағаларына, Әл-Фарабидің өнер жайлы пікірлеріне, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» терең ойларға, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркіндегі» қанатты сөздерге, Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметін-

дегі» көркем толғаныстарға, т.б. тоқталып, сыншылдық таным-білімнің қайнар көздері ретінде қарастырды. Сонымен қатар ғылыми, ағартушылық, эстетикалық талғамның қалыптасуында орны айрықша үш ғұламаларымыз – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлының еңбектерін айрықша атап өтті. Соның ішінде ұлы Абайдың сыншылдық ойының аса ірі құбылыс екенін дәлелдеп көрсетті.

Тұрсынбек Кәкішұлының «Абайтанудың алғашқы асулары», «Абайдың сатирасы», «Орыс ориенталистері Абай туралы» атты мақалаларынан абайтануға да үлкен үлес қосқанын біле аламыз.

Жұрт ғалымды сәкентанудың алыбы деп таниды. Бозбала шағында Қосымжан Бабақов арқылы Сәкен Сейфуллиннің кітабымен танысып, кейіннен ақынның жары Гүлбаһрам Батырбекқызымен араласты. Нәтижесінде Сәкен жайлы көптеген кітаптары жарық көрді. Соның ішінде «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен «Сәкен Сейфуллин», «Қызыл сұңқар», «Сәкен және Гүлбаһрам», «Сәкеннің соты», «Маржан және Сәкен», «Сәкен аялаған арулар» т.б. еңбектері шықты. Астанада ақынның туғанына 120 жыл толуына арналған шаралардың барлығына дерлік қатысты. «Сәкен Сейфуллиннің музыкалық мұрасы» кітабы мен «Сыр сандық» атты Сәкен әндерінің CD

үнтаспасының таныстырылымы соның бірі еді.

2015 жылдың қыркүйегінде ғалымның үлкен жүрегі соғуын тоқтатты. Кеше Ұлттық академиялық кітапханада туғанына 95 жыл толуына арналған «Әдебиеттану тарланы» атты дөңгелек үстел мәжілісі өтті. Белгілі ғалымдар, әдебиеттанушының шәкірттері қатысқан іс-шарада туғанын қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына қосқан үлесі, тұлғалық болмысы, артында қалған мұрасы жайында әңгіме өрбіді.

Бір айта кетерлігі, осы кітапханада бірнеше жыл бұрын Тұрсынбек Кәкішұлының жеке кітапханасы – «Ғылым» залы ашылды. Алматыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оның атына аудитория мен көше берілді. Ғалымның туған жері – Ақмола облысының Бұланды ауданындағы Алтынды ауылында есімімен мектеп пен көше аталды. Жуырда елорданың Есіл ауданындағы №898 көшесі Тұрсынбек Кәкішев атына иеленді.

«Алты алашқа әйгілі зерделі зерттеуші болғаны өз алдына, оның азаматтық ұстанымы да өте берік еді. Еменнің иір бұтағы секілді, ешкімнің ыңғайына жығылмай, жөнісіздік атаулының бәріне қайыспай қарсы тұрды. Қажет жерінде Махамбет мінезге салып, ақырып теңдік сұрады. Осы күнгі депутаттар біресе айтып алып, біресе қайтып алып жүрген мәселелерді Тұрсынбек ағам талай жыл бойы жеріне жеткізе тәпсірледі. Ол кісінің өнегелі

істерін үнемі үлгі тұттық. Арғы-бергі, алыс-жақын елдердің архивтерін түгел сүзіп шыққаны үшін құрметтейтін едік. Атақты қолжазба журнал – «Садақты» тер төгіп іздеп, деректері мен дәйектерін ғылыми айналымға қосқаны үшін қадірлейтін едік. Кішкене ғана мәліметтің мән-жайы құлағына шалынса, бар шаруасын тастап, жолға шығып кететініне, сөйтіп, айлап жүріп, «еңку-еңку шер шалатынына, қоңыр салқын төске алатынына» әбден тұрсаң болатынбыз.

Жас бұрыннан қамқорлығын аяған жоқ. Бесіктен беліміз шықпай жатып, докторлық қорғауға талпынғанымызда қолдау көрсетті. Бізге сенім артты. Ғылыми жетекшіміз болмаса да, ақыл-кеңесін аяған жоқ. Қайта жолымызда жатқан жоталы жалпақтар мен шіренген шалпақтарды тиіп тастап отырды. Өйткені мінезді еді. Кесекті ердің сойы еді. Сырдарияның сарқыраған суын теріс ағзып жібере алма да, кез-келген ғылыми кеңестің бағыт-бағдарын өзгертіп жіберу тегеурінді Тұрсағамның қолынан келетін. Сондай айбарлы ағаның аялы алақаны, шуақты шұғыласы, қалтқысыз қамқорлығы бізді қанаттандыра түсті. Алдағы белестерімізге қарай құлшына ұмтылдық.

Ең бастысы, жақсылық жасау да, ерлік жасау да Тұрсынбек ағаға тән қасиет-тін» дейді белгілі журналист, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Омарұлы.

СІБІР КАРТАСЫНДА СЫҒАНАҚ КӨРСЕТІЛГЕН

Санкт-Петербургтен қазақ тарихына қатысты құнды құжаттар табылды

Нұр-Сұлтан қаласындағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының бір топ ғылыми қызметкері «Архив-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласындағы архивтері мен кітапханаларынан тарихымызға қатысты тың мәліметтерді айқындап, жинастыру мақсатымен сол шаһарға іссапармен барып қайтты. Ресей Ұлттық кітапханасы, Ресей Ғылым академиясы кітапханасы, Санкт-Петербургтағы «Орыс географиялық қоғамы» мен Ресей Мемлекеттік тарих архиві және Мемлекеттік әдебиет және өнер архивінің қорларында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Басты мақсат – өткен дәуірлердегі бабаларымыздың еліміздің тарихында алар орнын, олардың алыс-жақын елдермен қарым-қатынасты саяси ұстанымдарын және мәдениетіміз бен өнерімізге қосқан үлесін бағамдап, ғылыми негізделген тарихи еңбектердің жазылуына өзіндік үлес қосу.

Іссапар барысы тарихы терең Ресей мемлекеттік кітапханасынан басталды. Кітапхана тарихы 1795 жылдан бастау алады. Еуропа, Азия мемлекеттері жалпы дүние жүзі мемлекеттерінің бірнеше тілдеріндегі 4,5 млн-нан аса құнды қолжазбалар мен құжаттар сақталған. Кітапхана қорындағы әлемдік деңгейдегі шығыстанушы, түркітанушы, тарихшы-этнолог ғалым Самойловичтің жеке қорымен және де 1400-ге жуық сипаттамасы берілген XIX-XXғ.ғ қатысты парсы-тәжік қолжазбалар каталогымен жұмыс жасалды.

Экспедицияның ізденіс жұмыстары Бүкілресейлік қоғамдық ұйым «Орыс географиялық қоғамында» өз жалғасын тапты. Дүние жүзі бойынша ең алғаш құрылған географиялық қоғамдар қатарынан табылатын «Орыс географиялық қоғамы» 1845 жылы құрылған. «Орыс географиялық қоғамының» экспедициялары Ресейдің Еуропалық бөлігін, Орал, Сібір, Қызыр Шығыс, Орталық Азия, Қазақстан аумақтарының географиялық жағдайларын

зерттеуде маңызды мәліметтерге бай. Архив қорында әлем халықтарының мәдениеті мен Орта Азияға қатысты фото мен құжаттар сақталған, 500 мыңға жуық кітапхана қоры бар. Іссапар тобы аталмыш ғылыми мекеме бойынша «Орыс географиялық қоғамы» мүшелерінің этнографияға қатысты еңбектер тізбесінде, Орта Азия, Ақмола, Семей, Торғай облыстарына қатысты құжаттармен ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізді.

Белгілі орыс саяхатшылары И.В. Мушкетовтың, Г.Н. Потаниннің, П.П. Семенов Тянь-Шанскийдің, Н.М. Пржевальскийдің жеке қорлары бойынша Орта Азия мен Қазақстанға қатысты ұйымдастырылған экспедиция қызметінің мәліметтері мен жазба кітапшалары, есептері, күнделіктері, карталары мен этнография саласына қатысты ғылыми еңбектерін анықтады. «Орыс географиялық қоғамы» бойынша зерттеу жұмыстары нәтижесінде шығыстың жарық жұлдызы, ағартушы, көрнекті ғалым, этнограф, шығыстанушы Ш.Уәлихановтың 1858-1859 жылдары жазылған Орта Азия деректері атты қолжазбасының көшірмесі әкелінді. Бұл қолжазба мәліметтері бүгінгі күнге дейін өз маңыздылығын жоймаған Орталық Азияның кең байтақ территориясын мекендеген халықтардың



тарихы мен мәдениетіне қатысты аса құнды деректер береді.

«Орыс география қоғамы» картография бөлімі бойынша жасалған ізденіс жұмыстарының нәтижесінде Ремезовтың Қытай шекарасын қамтыған Сібір картасының (1698ж.) көшірмесі әкелінді. Карта І Петрдің бұйрығымен жасалған. Семен Ульянович Ремезов (1642-1721ж) – Сібір зерттеушісі, картограф, тарихшы. 1695 жылы Мәскеуге жіберілген карталар негізінде Сібір бөлігіне байланысты бірнеше сызбалар жасап, осы аудандарда жүргізілген ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде Сібір картасы жасалады. Картада XVII ғасырдың аяғындағы Қазақ хандығы территориясындағы географиялық топонимдер мен қалаларға қатысты маңызды мәліметтер келтірілген. Атап айтар болсақ, ұзақ уақыт бойы Қазақ хандығының рухани-саяси орталығы болған Сығанақ қаласы көрсетілген. Ремезовтың Сібір картасы Қазақстан үшін құнды тарихи дереккөз болып табылады.

Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды жинақтау барысында іссапар тобы өз жұмысын Ресей Ғылым Академиясы кітапханасында жалғастырды.

Бұл кітапхана 1714 жылы І

Петрдің жарлығымен ашылған қоғамдық пайдалануға арналған алғашқы мемлекеттік ғылыми кітапхана. Аталмыш ғылыми кітапхананың ашылуы Ресей мәдениеті мен ғылымының гүлдену кезеңінің бастауы болды. Кітапхана қорының 40 пайызы шетелдік авторлардың монографиялары мен өртүрлі тарихи кезеңдерді қамтитын құжаттар қорынан тұрады, 15 мыңға жуық қолжазбалар қоры арнайы бөлімде сақталған.

Кітапхана қорының картография бөлімі бойынша еліміздің тарихына қатысты тарихи зерттеулер де маңызды деп саналатын 1745 жылғы Ресей Империясының бас картасы, 1793 жылғы Ресей Империясының тарихи картасы, 1593 жылғы жаңа деректерге қатысты Ресей Империясының бас картасы, Carte de Tartarie Macne Tartaria Tabula, I empire Russe en Europe et en Asia, 1951 жылғы Иран ғылым академиясының Сурату-л-Арди Ли-ш-Шартфил-И-дрисий-л-Мутаваффа Саната, Дүниежүзі карталарының көшірмелері әкелінді. Ерекше назар аударатыны – кейінгі ортағасырлық дәуірде жасалған «Тартария» атты карта. Бұл картада Сібірде қоныстанған халықтардың елді мекендерімен қатар Орталық

Азияны қоныстанған халықтардың жері көрініс тапқан.

Экспедиция жоспарының негізгі бағыттарының бірі – Ресей Федерациясының (Санкт-Петербург) архив қорларында ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізу болғандықтан, іссапар тобының жұмысы Санкт-Петербург қаласының Орталық Мемлекеттік Әдебиет және Өнер архивінде жалғасты.

Архив қорында 343000 құжат сақталған. 1005-ке жуық қордың 650-і – жеке қорлар. Архив қорларындағы құжаттардың хронологиялық шеңбері 1918 жылдан басталып, бүгінгі күнге дейінгі кезеңдерді қамтиды. Театр, шығармашылық одақтар, түрлі басылымдар мен музейлер тарихына қатысты құжаттар сақталған. Сонымен қатар жеке қорларды жазушылар мен кино-өнер қайраткерлерінің, белгілі суретшілердің өнеріне байланысты жазба құжаттары, хаттары сақталған. Іссапар тобы қазақ әдебиеті мен өнеріне қатысты қорлар бойынша ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізіп, көркемөз шебері, қазақ және кеңес поэзиясын ілгері дамытуға өз үлесін қосқан айтулы ақын, жауынгер, «Мен қазақпын» поэмасының авторы Жұбан Молдағалиевтің хаттары

мен жеке құжаттарын анықтады. Сонымен қатар Ленинградтың Қазақстандағы әдебиет және өнер күндерінің өткізілуіне қатысты құжаттар мен фотосуреттер, Жазушылар одағының құжаттары және т.б. Қазақстан өнері мен мәдениетіне байланысты құжаттар анықталып, әкелінді.

Ресей Мемлекеттік әдебиет пен өнер архивімен қатар Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қызметкерлері Ресей Мемлекеттік тарих архивінен де Қазақстан тарихына қатысты маңызды құжаттардың көшірмелерін алуды іске асырды. Аталмыш архив бойынша «Орынбор-Ташкент темір жолының солтүстік және оңтүстік бөлігін салу жөніндегі басқарма ісі», «Жер мәселесі жөніндегі ісқағаздар», «Жер мәселесі департаменті», «Телеграф және байланыс Мемлекеттік басқармасы» атты қорлардан 1024 парақтан тұратын құжаттардың түпнұсқалық көшірмелері алынды.

Ресей мемлекеттік тарих архивінен жинастырған құжаттар Қазақстан тарихының мазмұндылығын арттыруға қызмет етеді және тарихшылардың шынайылыққа негізделген ғылыми туындыларды дүниеге әкелуіне серпін береді деген сенімдеміз.

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қызметкерлері тарихымызға қатысты деректік маңызы бар мәліметтерді жинастыруда елімізде бұдан бұрын жүзеге асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шетелдерден алынған материалдарға мұқият көңіл бөлді. Бұл материалдар жаңа Қазақстанның жаңа тарихын жазуға септеседі деп ойлаймын.

Гүлсім БИСЕНОВА,
Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің жетекші сарапшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

БАЛАЛАР ЖАРАҚАТЫ АЗАЙМАЙ ТҰР

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА
АЙЫНА 10-12 БАЛА ТҮРЛІ
ДӘРЕЖЕДЕ ЖАРАҚАТ АЛЫП,
АУРУХАНАҒА ТҮСЕДІ ЕКЕН.
ӘРІ ОЛАРДЫҢ КӨБІ
2-10 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ
ЖЕТКІНШЕКТЕР КӨРІНЕДІ!**



Өткен айдың бірінде Нұр-Сұлтан қаласында бір сұмдық оқиға болды. Біз тұратын үйдің көрші ауласында он үш-он төрт жастағы бір бала тоғыз жасар баланың кеудесін әйнекпен тіліп жіберген. Мұны ол «ойнадым» деп жұмсартқанмен, оның астарында адам денесіне қасақана жарақат салу бұзақылығы жатыр еді. Терісі жалбырап кесілген жеткіншек жылап-еңіреп үйіне жеткенше қансырап қалған, жедел жәрдем бірден ауруханаға алып кетті. Соңы айқай-шуға ұласқан бұл оқиғаның қалай аяқталғаны белгісіз. Алайда біздің айтпағымыз, жеткіншектердің осындай жарақат алуы кейінгі кезде көбейіп кеткендігі болып отыр.

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ЖАБУЛЫ ҚАЗАН ЖАБУЛЫ КҮЙІНДЕ ҚАЛМАУ КЕРЕК

Ювеналдық полиция қызметкері Айман Смағұлова елордада балалар жарақаты көп тіркелетінін айтады. Өткен жылы осындай жүздеген төтенше жағдай орын алыпты. Жаз болса ата-аналар балаларын демалып, бой сергітіп, құрбы-құрдастарымен ойнап көңіл көтерсін деп лагерге жіберуге асығады. Бірақ осы «жаз жайна-тып, күн күлдіретін...» лагерде астан улану, биіктен құлау, тәрбиешілердің (вожатый), кейде қатар жүрген ересек балалардың тарапынан қысым көру сияқты демалушылар зардап шеккен он сегіз қайғылы оқиға болыпты. Мәселен, Бурабай демалыс аймағында орналасқан тек қана ұлдарға арналған «Кемел» спорттық-әскери балалар лагерінде қатарластары 11 жасар баланы тыр жалаңаш шешіндіріп, келекелеп, мазақтап, сосын үңгірге қамап кеткен. Үш-төрт жасөспірім бірігіп таспен жауып кеткен үңгірдің аузын тәрбиешісі төрт сағаттан кейін барып ашқан. Онысымен қоймай, балаларды өзара татуластыруға тырысып, ешкімге айтпауын сұрап, қолхат жаздырып алған.

Үйінен шалғайдағы осындай жерге «бір-бір үйдің ерке-лерін» әке-шешесі жібергенде тәрбиешілерге сенеді ғой. Ал олар болса қылмысты бүрке-мелеп, бүлдіршінің жанын одан сайын жаралап отыр.

2016 жылы «Континент» балалар-сауықтыру орталығында Әсем есімді қыз ата-анасына басының қатты ауыратынын айтып шағымданады. Үйге алып қайтуға ыңғайланып келгенде, қызды жедел жәрдем алып кеткен екен. Артынан

жанұшыра барса, перзентін «жансақтау» бөліміне салып тастапты. Екі-үш сағаттан кейін қайтыс болып кеткен. Дәрігерлер «екі өкпесі қабынған, оң жақ бүйрегі бір нәрсеге қатты соғылып, зақымданған» деп тұжырым жасады. Лагердің медбикесін екі жылдан кейін ғана «міндетіне салқын қарағаны үшін» деген баппен жауапқа тартты.

Жазғы лагердегі әлімжеттік, әлжуаз балалардың қатарластарынан зорлық-зомбылық көруі тоқтамай келе жатқанын жасыруға болмайды. Бұған қандай нақты шара қолдануға болады?

Отандық мамандар кейінгі кезде осы төңіректе көбірек ойланып, жағдайды зерттеп-зерделеп келеді. Бұл тек жазғы лагер ғана емес, мектепте де кездесетін келеңсіздік екені дәлелденіп жүр. Жоғары сыныптың оқушылары кіші сыныптың оқушыларына күш көрсетіп, ақша жинауға мәжбүрлейтін де фактілер бар екені айтылып қалды. Ол ол ма, ересектеу балалар кіші сыныптағы жеткіншектерді интимдік жағдайларға да итермелейтін қаладағы кей мектепте анықталып, кейін үлкен дүрбелең туғызғаны бар. Мұны психолог-сарапшылар отбасындағы әлеуметтік қиындықтар мен сәбиге ата-анасы тарапынан қамқорлық пен мейірімнің кемдігімен түсіндіруге тырысады.

Ал жазғы лагерге мұндай балалар келсе өздерінше топ құрып, команда жасақтап, басқалардан ерекшеленгісі келіп тұратын көрінеді. Міне, жасөспірімдер қылмысы деген осындайдан етек алатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Әрине, лагерде барлығын бірдей күні бойы тәрбиешілер бақылап, қадағалап отыра алмайды. Мұндай жайсыздық сезілген жағдайда бірден дабыл қағылып, бұған басқа қырынан келу керек дейді психолог-сарапшылар. Жабұлы қазан жабұлы күйінде қалмау керек.

САЛҒЫРТТЫҚ ПЕН САЛАҚТЫҚ

Күнделікті тұрмыста да балалардың жарақат алуы, биіктіктен құлап кетуі азаймай отыр. Бұған, негізінен, ата-ананың салғырттығы мен немқұрайлылығы себеп болуға. 2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласында батут құлап, бірнеше бала елеулі жарақат алды. Атап айтқанда, 3 пен 7 жас аралығындағы алты баланың миы шайқалып, аяқ-қолы сынып, қалалық балалар ауруханасына жеткізілді.

Ал осы қайғылы оқиғаны болдырмауға болатын ба еді? Егер ұйымдастырушылар қалтасының қамын ойламай, қауіпсіздік шараларын мұқият сақтағанда, бүлдіршілер зардап шекпес еді.

Кейінгі кезде қалада жиі кездесіп отырғаны – сәбилердің терезеден құлап кетуі. Өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласында 12 бала биіктен құлап, түрлі дәрежеде жарақат алса, олардың екеуі шетінеп кеткен. Бұл жерде де ата-ананың немқұрайлылығы мен алаңғасарлығы, салғырттығы мен салақтығы осындай жағдайға жеткізіп отыр.

Мамыр айында Нұр-Сұлтан қаласындағы Роза Бағланова көшесі бойындағы көпқабатты үйдің алтыншы қабаты терезесінен үш жасар сәби құлап, миы шайқалып, ауруханаға жеткізілді. Оқиғаны зерттеп, зерделей келгенде, сәбидің құлауына ата-анасы кінәлі болып шықты. Терезеге салынған тор көз дұрыс бекітілмеген. Бір өкініштісі, сәби терезеден құлап кеткен уақытта үйде әкесі де, шешесі де болған көрінеді. Терезеден сыртқа қарап тұрған баланың орындық қойып москит сеткаға сүйенгенін біреуі де байқамай қалған. Негізі, мамандар терезеге тор көзді (сетканы) арнайы қосымшасымен бірге бекітіп салуды ұсынады. Олай болмаған жағдайда, бала оған

жақындаса болды, салмағымен әрі қарай құлап кетеді.

Қалалық №2 балалар ауруханасына денесін күйік шалған балалар да жиі түседі. Педиатр дәрігер Шәмшия Нұрбергенқызының айтуынша, көбіне күйікке ұшырайтын еңбектеп немесе жаңа-жаңа тәй-тәй баса бастаған бүлдіршілер көрінеді. Ата-анасы айрықша мұқият болмаса, қайнап тұрған шәйнектің сымын тартып қалу, кесеге жаңа құйылған ып-ыстық шайды алдына төгіп алу сәбилерде жиі кездеседі екен. Сондықтан сәби бар үйде осындай жайға ерекше сақ болу керектігі ескертіледі.

Қазақстандық психологтар ата-аналарға балалар жарақатына байланысты көптеген кеңес айтады. Соның бірі – баланың өзінің жеке шекарасын білуі. Қазакша айтқанда, өзіне тиіскен, келемеж еткен қатарластарының алдында бұға бермей, өзінің де мінезін көрсете білуі. Зорлық-зомбылық көрсеткісі келетіндерге бірден тойтарыс беру керек. Тәрбиешіге айтып, ана-анасына қоңырау соғуы қажет.

«Бала өзі айқайлап, жылап, барынша қарсылық көрсетсе, зорлық көрсетушілер оған қарсы дендеп күш көрсетуге бара алмауы мүмкін» дейді психологтар.

Тек бір Нұр-Сұлтан қаласының өзінде айына 10-12 бала түрлі дәрежеде жарақат алып, ауруханаға түседі екен. Әрі олардың көбі 2-10 жас аралығындағы жеткіншектер көрінеді. Ал осы жаракаттан өміріне балта шабылып, мүгедек болып жатқаны қаншама!

«Балалар – біздің болашағымыз» деген сөзді жиі айтамыз. Расында да, ертеңінен үлкен үміт күттірер жеткіншектерміздің ойда жоқта тосын жарақат алып, зардап шекпесі үшін ата-ана да, тәрбиеші де, қамқоршы да барынша мұқият болып, оларды мүмкіндігінше ер кез көзден таса қылмағаны жөн.

2022 жылғы 17 шілдеде Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жол салу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың жоғары көрсеткішін атап өтіп, елдегі жол құрылысы барысында 10 жыл ішінде жол берілген бұзушылықтарға мұқият тексеру жүргізуді тапсырды.

Ел Президентінің Сыбайлас жемқорлыққа және оның барлық көріністеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі тапсырмалары мен бастамаларын қолдай отыра, «Әділдік жолы» Республикалық қоғамдық бірлестігі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігімен бірлесіп, 2022 жылғы 15 тамызда Республика бойынша автокөлік жолдары саласында «Әділдікті талап ет!» атты ауқымды науқанын бастайды. Оған Қазақстан Республикасының кез-келген азаматы қатыса алады.

Науқан барысында автожол саласы мәселелері қозғалып, жолдарды салу, жөндеу және күтіп ұстау кезінде жемқорлық тәуекелдерін анықтауға баға назар аударылатын болады.

Мемлекет автожол саласына үлкен қаражат бөлетініне қарамастан, өкінішке қарай, ол үнемі қоғам тарапынан сынға ұшырауда. Сапасыз жолдардың салдарынан

көптеген жол-көлік оқиғалары орын алды.

Биыл Республика бойынша 11 мыңнан астам шақырым жолға әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұған 600 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Ал, жол жөндеуге бөлінген қаражаттың 44 пайызына мемлекеттік сатып алу қорытындысы жасалған жоқ. Автожолдарды салу жобаларының барлық кезеңдері жемқорлық тәуекелдеріне бейім. Тек мемлекет пен азаматтардың бірлескен күшімен ғана, қоғамды барынша жемқорлыққа қарсы күресте жұмылдыра отыра, бұл зұлымдыққа төтеп бере аламыз.

Азаматтар науқанға Adildik.kz веб-сайты арқылы қосылып, 1463 Call center бойынша Қазақстан автожолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау саласындағы жемқорлық туралы ақпаратты 15 тамыздан бастап хабарлай алады.

Бей-жай қарамайтын барлық азаматтарды аталмыш науқанға қосылып, белсенділік танытуға шақырамыз.

Д.ҚҰЛЖАМБЕКОВ,
«Әділдік жолы»
РҚБ-нің Нұр-Сұлтан
қаласындағы
филиалы басшысы

«ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ-НЫҢ СЕНИМДІ ӨКІЛІ, КЕПІЛГЕ ҚОЙЫЛҒАН МҮЛІККЕ САУДА – САТТЫҚ ЖАРИЯЛАЙДЫ.

№1 Лот. «Lifan X50», маркалы автокөлік, тіркеу нөмірі №14901001, 2018 жылы шығарылған. Бастапқы құны – 2 434 430 (екі миллион төрт жүз отыз үш мың төрт жүз отыз) теңге. Кепілді жарна мөлшері – 122 000 теңге. Қадамды ұлғайту мөлшері – 25 000 теңге. Сауда-саттық әдісі – ағылшындық.

№2 Лот. «Lada 21947 017 42», маркалы автокөлік, тіркеу нөмірі №459JFA01, 2014 жылы шығарылған. Бастапқы құны – 2 072 000 (екі миллион жетпіз екі мың) теңге. Кепілді жарна мөлшері – 104 000 теңге. Қадамды ұлғайту мөлшері – 21 000 теңге. Сауда-саттық әдісі – ағылшындық.

№3 Лот. «Lada Granta», маркалы автокөлік, тіркеу нөмірі №23810101, 2018 жылы шығарылған. Бастапқы құны – 218 692 (екі жүз он сегіз мың алты жүз тоқсан екі) теңге. Кепілді жарна мөлшері – 11 000 теңге. Қадамды ұлғайту мөлшері – 11 000 теңге. Сауда-саттық әдісі – ағылшындық.

№4 Лот. «Lada 21214», маркалы автокөлік, тіркеу нөмірі №7450FA03, 2017 жылы шығарылған. Бастапқы құны – 2 467 417 (екі миллион төрт жүз алпыс жеті мың төрт жүз он жеті) теңге. Кепілді жарна мөлшері – 124 000 теңге. Қадамды ұлғайту мөлшері – 25 000 теңге. Сауда-саттық әдісі – ағылшындық.

№5 Лот. «Nissan Almera», маркалы автокөлік, тіркеу нөмірі №995XXA01, 2014 жылы шығарылған. Бастапқы құны – 3 553 000 (үш миллион бес жүз елу үш мың) теңге. Кепілді жарна мөлшері – 178 000 теңге. Қадамды ұлғайту мөлшері – 36 000 теңге. Сауда-саттық әдісі – ағылшындық.

Сауда-саттық, 31.08.2022 ж., сағат 11:00-де Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 30 үй, 102 кабинет, мекенжайында орналасқан «Еуразиялық Банк» АҚ-ның филиалы ғимаратында Голланд әдісі (бағаны төмендеу), Ағылшын әдісі (бағаны көтеру) бойынша өтеді.

1. Сауда-саттыққа қатысу үшін сенім білдірілген тұлғаман берілетін өтініштер, кепілдік жарна мөлшері Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы 30 үй, 102 кабинет АҚ «Еуразиялық Банк» №5 бөлімше №KZ4194800KZT28600309 шотына (БСК EURIKZKA, BSN 010341002023) – 31.08.2022 жылы сағат 10:00-ге дейін қабылданады.

2. Сауда-саттықтың жеңімпазы сауда-саттықтан аяқталған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде сауда-саттықтан сатып алған мүлктің құнын толықтай төлеуге міндетті.

Деректемелер үшін келесі мекенжайлар бойынша отыратын сенімді тұлғаларға хабарласуға болады: Нұр-Сұлтан қ. «Еуразиялық Банк» АҚ №5 филиалы, Қабанбай батыр даңғылы, №30 үй, 102 каб., тел: 8 (7172) 59 22 40.

ДОВЕРЕННОЕ ЛИЦО АО «ЕВРАЗИЙСКИЙ БАНК» ОБЪЯВЛЯЕТ О ПРОВЕДЕНИИ ТОРГОВ НА ЗАЛОЖЕННОЕ ИМУЩЕСТВО

Лот№1. Автомобиль марки: «Lifan X50», регистрационный номер №14901001, 2018 года выпуска. Стартовая стоимость на заложенное имущество: 2 434 430 (два миллиона четыреста тридцать четыре тысячи четыреста тридцать) тенге. Гарантийный взнос – 122 000 тенге. Шаг повышения – 25 000 тенге. Метод торгов – Английский

Лот№2. Автомобиль марки: «Lada 21947 017 42», регистрационный номер №459JFA01, 2014 года выпуска. Стартовая стоимость на заложенное имущество: 2 072 000 (два миллиона семьдесят две тысячи) тенге. Гарантийный взнос – 104 000 тенге. Шаг повышения – 21 000 тенге. Метод торгов – Английский

Лот№3. Автомобиль марки: «Nissan Almera», регистрационный номер № 23810101, 2018 года выпуска. Стартовая стоимость на заложенное имущество: 218 692 (двести восемнадцать тысяч шестьсот девяносто два) тенге. Гарантийный взнос – 11 000 тенге. Шаг повышения – 11 000 тенге. Метод торгов – Английский

Лот№4. Автомобиль марки: «Lada 21214», регистрационный номер №7450FA03, 2017 года выпуска. Стартовая стоимость на заложенное имущество: 2 467 417 (два миллиона четыреста шестьдесят семь тысяч четыреста семнадцать) тенге. Гарантийный взнос – 124 000 тенге. Шаг повышения – 25 000 тенге. Метод торгов – Английский.

Лот№5. Автомобиль марки: «Nissan Almera», регистрационный номер №995XXA01, 2014 года выпуска. Стартовая стоимость на заложенное имущество: 3 553 000 (три миллиона пятьсот пятьдесят три тысячи) тенге. Гарантийный взнос – 178 000 тенге. Шаг повышения – 36 000 тенге. Метод торгов – Английский.

Торги состоятся по английскому методу (на повышение цены) в 11:00 часов «31» августа 2022 года по адресу: АО «Евразийский Банк», г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, дом №30, каб. 102, тел: 8 (7172) 59 22 40.

Условия участия в торгах:
1. Для участия в торгах необходимо подать заявление и перечислить гарантийный взнос на счет №KZ4194800KZT28600309 в филиале №5 АО «Евразийский банк» в г. Нур-Султан (БИК EURIKZKA, BIN 010341002023) до 10:00 часов «31» августа 2022 года.
2. Победитель торгов обязан оплатить стоимость приобретенного с торгов имущества в течение 5 рабочих дней с момента окончания торгов.

По всем имеющимся вопросам, вам необходимо обращаться в АО «Евразийский Банк» г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, д.30, каб. 102, тел: 8 (7172) 59 22 40.

Құрметті Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары!

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес 2022 жылғы қыркүйектің екінші онкүндігінде «Нұр-Сұлтан қаласының аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және үйлестіруді жүзеге асыру» тақырыбында жария тыңдаулар өткізу жоспарланған.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстарыңыз бен сұрақтарыңызды келесі электрондық поштаға жіберулеріңізді сұраймыз: maslihat_org@mail.ru. Байланыс телефондары: 55-66-37, 55-66-31.

Е.КАНАЛИМОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы

№96 (4374) 16/08/2022 Сейсенбі



ТРИАТЛОНШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕМДІК ТАРТЫСЫ

Елордада Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі және Қазақстан триатлон федерациясының қолдауымен беделді спорттық жарыстардың бірі Ironman триатлон сериясының VI Group Ironman 70.3 Astana жарысы өтті. Оған әлемнің 56 елінен келген 112 эстафеталық команда қатысты.

Биыл стартқа VI Group Ironman 70.3 Astana жарысының қатысушылары ғана емес, сонымен қатар толықтай жарысу қашықтықтары бойынша VI Group Ironman Kazakhstan қатысушылары да өз бақтарын сынады. Соның ішінде 2200 әуесқой триатлоншы болды. Олардың ең жасы – Үндістан елінің өкілі Avishkar Gargale (18 жаста), ал ең үлкен қатысушылар – ресейлік Сергей Кольга мен Германиялық Рейнхард Дрогла (72 жаста). Әлемнің 75 елінен келген 112 эстафеталық команда арасында 1400 қатысушы «жартылай», 800-дей қатысушы «толық» қашықтықты бағындырды.

Қазақстандық қатысушылардың арасында «Орда» тобының

солисті Дастан Оразбеков, Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев, кәсіпқой триатлоншы Екатерина Шатная және «Алматы Марафон» атқарушы директоры Салтанат Қазыбаева болды.

Іс-шараның ашылу салтанатына қатысқан Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов және VI Group директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахымбаев стартқа жиналғандарға сәттілік пен жарқын жеңістер тіледі.

– Құрметті спортшылар, қонақтар! Нұр-Сұлтан қаласына қош келдіңіздер! Көптен күткен ауқымды IRONMAN жарысын міне, елордамызда өткізгелі отырмыз. Ұзақ

үзілістен, пандемиядан кейін, биыл Нұр-Сұлтан қаласында қайта ұйымдастырудың сәті түсіп отыр. Барша жарыс қатысушыларына сәттілік, жеңіс тілейміз, – деді жарыстың ашылуында қала әкімі Алтай Көлгінов.

Айдын Рахымбаевтың айтуынша, Қазақстандағы соңғы IRONMAN үш жыл бұрын өткен еді. Ол жыл бойы жер шарының түрлі орындарында өтеді. Олардың әрқайсысында маусымның басты старты – IRONMAN әлем чемпионатына қатысуға құқық беретін белгілі бір орындар (слоттар) ойнатылады.

Жарыс қорытындысында 8 сағат 13 минут нәтиже көрсеткен ресейлік Алекс Григорьев

жеңімпаз атанды. Ол суда жүзу кезеңінде 20 минутта қарсыластарын басып озды. Дәл осы қашықтықта екінші болып оның отандасы – Антон Березняк 8 сағат 49 минут нәтижесімен, ал үшінші болып қазақстандық Алексей Вшивцев (8 сағат 51 минут) мәреге жетті.

Әйелдер арасында ресейлік Валентина Кукрус (9 сағат 46 минут) бірінші болып жетсе, екіншісі – Түркияның өкілі Guney Merve (10 сағат 9 минут), үшіншісі – Ресей спортшысы Ирина Владимировна (10 сағат 23 минут) келді.

Жеңімпаздар Гавайи, Кайлу-а-Кона аралындағы IRONMAN әлем чемпионатына 45 слот алды.

САРБАЗДАР СЫНҒА ТҮСТІ

Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық қорғаныс университетінде өткен Халықаралық армия ойындарына әлемнің 12-і мемлекетінің Қарулы күштерінің өкілі қатысты.

VIII Армия халықаралық ойындарының салтанатты ашылу рәсімінде Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов:

– Әскери ойындар бейбітшілік пен ынтымақтастықтың кепілі ретінде шын мәнінде түрлі мемлекеттер әскерлерінің өзара іс-қимылының жаңа және жетілдірілген үлгісіне айналып, қатысушы елдер қа-

рулы күштерінің жауынгерлік қабілеті мен кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етіп отыр, – деді.

Қытай, Ресей, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Венесуэла, Вьетнам, Зимбабве, Мали, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан сарбаздары бір-бірімен тәжірибе алмасып, түрлі әскери жаттығулар жасап, жарысады.

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫ ҚҰРМЕТТЕДІ

Е. Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы құрылысшылардың кәсіби мерекесіне орай «Құрметім саған, құрылысшы!» мерекелік концертін өткізді.



Концертке Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, еңбек сіңірген құрылысшылар, қоғам қайраткерлері және қаланың құрметті азаматтары қатысты. Қала басшысы құттықтау сөз сөйлеп, марапаттарды тапсырды. Концерттік бағдарламада ән мен биден шашу шашылды. «Шалқыма» халық би ансамблі Е.Брусилоскийдің «Шашу» хореографиялық композициясымен өнер көрсетсе, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Сүндет Байғожин, Медет Салықов пен Клара Төленбаева, Бибігүл Жанұзақ, Ұлықпан

Жолдасов мерекелік көңіл-күй сыйлады. Халықаралық байқалулардың лауреаттары Зарина Омарова, Талғат Аллабиринов, Алтыншаш Мұқатаева, Ақбота Құснадин, Әкімхан Мәженов құрылысшыларға өздерінің ізгі тілектерін білдірді. Халыққа өз шығармашылықтарын ұсынған дәстүрлі ән орындаушылары Айнұр Қонысбаева, Әйгерім Нартүей, Нұржан Мейрхан, Сәулешан Тағзияға деген қошемет ұзақ уақытқа дейін басылмады. Мерекелік концерт «Достар» тобы мен Ренат Гайсиннің әнімен аяқталды.

СПОРТТА ШЕКАРА ЖОҚ

Елордадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайында ҚР ҰҚК Шекара қызметінің құрылуының 30 жылдығына орай волейбол және шағын футболдан ашық турнир өтті.

Шекара қызметкерлері күні қарсаңында ұйымдастырылған қалалық турнирді «Нұр-Сұлтан» шекаралық бақылау басқармасының бастығы, полковник Ержан Жұмабекұлы ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Салтанатты рәсімге Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев та қатысып, жарыстың ашылуымен құттықтады.

– Құрметті шекара қызметкерлері, сіздерді шекара қызметі құрылуының 30 жылдығын мерекелеу аясында өтіп жатқан бүгінгі волейбол мен футболдан қалалық ашық турнирдің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Шекара қызметінің талаптары кей спорт түріне ұқсас. Мысалы спортта спортшының жылдамдығы мен шапшаңдығы басым болу керек. Шекара қызметінің де талаптары осындай. Өйткені мұнда әрбір сәт санаулы, – деді



қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев.

Аталмыш додада Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Нұр-Сұлтан қаласының шекаралық

бақылау басқармасы мен желілік полиция бөлімі және Н.Назарбаев атындағы әуежай командалары өзара бақ сынасты.

Тартысты өткен додада волейбол спортынан жеңісті Нұр-Сұлтан шекаралық БАҚ басқармасы өз қанжығасына байлады. Нұр-Сұлтан шекаралық БАҚ бөлімінің 1-бөлімшесі мен 2-бөлімшесі екінші және үшінші орындарды өзара бөлісті.

Волейболдан Мақсат Дүйсен – үздік шабуылшы, Тынық Жақсылықов – үздік ойыншы, Гауһар Оңайбаева – үздік қорғаушы, ал Нұрбол Аманжолов – үздік үйлестіруші атанды.

Ал шағын футболдан «Н.Назарбаев атындағы халықаралық әуежай» АҚ 1-орынды, «Жігер» командасы 2-орынды, Нұр-Сұлтан қаласының желілік полиция бөлімі 3-орынды жеңіп алды. Мурат Жанәлі – үздік шабуылшы, Елдос Әлімқұлов – үздік ойыншы, Мұқан Бейсенқұлов – үздік қорғаушы, Айдос Мерлібаев – үздік қақпашы болып танылды.

Баян АСЫЛБЕКОВА

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №96

Баспаханасы: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Нұрлат БАЙГЕНЖЕ